

**«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ҰЛТТЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА**

**KARAGANDA NATIONAL RESEARCH UNIVERSITY NAMED AFTER
ACADEMICIAN E.A. BUKETOV**

**ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ
ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ: СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның

*Материалдары
25 қыркүйек 2025ж.*

**ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ОБРАЩЕНИЯ С ТВЁРДЫМИ
БЫТОВЫМИ ОТХОДАМИ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛЕЙ
УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ: ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

*Материалы
международной научно-практической конференции
25 сентября 2025г.*

**LEGAL REGULATION OF MUNICIPAL SOLID WASTE MANAGEMENT
IN THE CONTEXT OF ACHIEVING THE SUSTAINABLE DEVELOPMENT
GOALS: CHALLENGES AND PROSPECTS**

*PROCEEDINGS
of the International scientific and practical conference
25 September 2025*

Қарағанды, 2025

ӘОЖ 349.6:628

КБЖ 67.407

Т 89

Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру контекстінде тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеуді құқықтық реттеу: сын-тегеуріндер мен перспективалар

Жинақта 25 қыркүйек 2025ж. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің заң факультетінде ұйымдастырылған «Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру контекстінде тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс істеуді құқықтық реттеу: сын-тегеуріндер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық(онлайн/оффлайн) конференцияның баяндама материалдары жарияланған. Мақалаларда қазіргі заман үшін өзекті тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару, тұрақты даму тұжырымдамасын жүзеге асыру және азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға деген құқығын қорғау мәселелері талданған.

Конференция нәтижелерінің жинағы заңнаманы жетілдіруге, құқық қолдану тәжірибесін дамытуға және экология саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға негіз болады.

Жинақ №АР23490668 «Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату: құқықтық мәселелері мен перспективалары» гранты қаражаты есебінен басылды.

Правовое регулирование обращения с твёрдыми бытовыми отходами в контексте реализации целей устойчивого развития: вызовы и перспективы: Материалы международной научно-практической конференции (г. Караганда, 25 сентября 2025 г.). Отв. ред.: А.А. Нукушева, А.Ж. Әбдіжәми. - Карағанды: ТОО «Arko Printing House», 2025. — 356б.

Ұйымдастыру комитеті – Организационный комитет

Серикбаев А.М. (төраға), Нукушева А.А. (теңтөраға)

Әбдіжәми А.Ж., Қарибаева А.Е., Рустембекова Д.К., Асанова С.Э., Смагулова Т.С. (ұйымдастыру комитеті мүшелері). Жауапты ред.: Нукушева А.А., Әбдіжәми А.Ж.

Сборник подготовлен на основе материалов международной научно-практической конференции (онлайн/оффлайн), состоявшейся 25 сентября 2025 года на тему: «Правовое регулирование обращения с твёрдыми бытовыми отходами в контексте реализации Целей устойчивого развития: вызовы и перспективы», организованной на юридическом факультете Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова.

В статьях сборника анализируются актуальные для современного этапа вопросы обращения с твёрдыми бытовыми отходами, реализации Концепции устойчивого развития, а также защиты прав граждан на благоприятную окружающую среду.

Результаты конференции и представленные материалы станут основой для совершенствования законодательства, развития правоприменительной практики и укрепления международного сотрудничества в сфере экологии и экологического права.

Сборник издан за счёт средств гранта № АР23490668 «Переработка и утилизация твёрдых бытовых отходов: правовые проблемы и перспективы».

УДК 349.6

Материалдар жинағы авторлық басылымда жарияланды. Сборник материалов издан в авторской редакции.

Қарағанды : ТОО “ArkoPrintingHouse”., 100024, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, Тел. (7212) 35-63-16. E-mail: izd_karu@buketov.edu.kz

© Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті, 2025

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор
Абзал Мұхаметжанұлы Серикбаевтың**

АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті конференция қатысушылары мен қонақтары!

Бүгін біз «Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру контекстінде қатты тұрмыстық қалдықтарды басқарудың құқықтық реттелуі: сын-қатерлер мен перспективалар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ашып отырмыз.

Конференцияның тақырыбы бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қалдықтарды басқару саласындағы құқықтық қатынастар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға конституциялық құқықтарын жүзеге асыру, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттарына негізделген орнықты экономиканы қалыптастырумен тікелей байланысты.

Біздің форумға Қазақстан, Польша, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан және Украина елдерінің жетекші ғалымдары мен тәжірибелі мамандары қатысуда. Қатысушылардың кең географиясы халықаралық қоғамдастықтың тұрақты даму мен экологиялық құқық мәселелеріне деген қызығушылығының артып келе жатқанын және ғылыми тәжірибе алмасуға деген өзара дайындықты айғақтайды.

Ұсынылған баяндамалар заңнаманы жетілдіру, азаматтық-құқықтық институттарды дамыту, қалдықтарды басқарудағы «жасыл» технологияларды енгізу, цифрландыру және ұлттық нормаларды халықаралық экологиялық стандарттармен үйлестіру секілді кең ауқымды мәселелерді қамтиды.

Бүгінгі талқылаулар экологиялық құқықты жетілдірудің, құқық қолдану тәжірибесін дамытудың және халықаралық ынтымақтастықты нығайтудың маңызды кезеңі болатындығына сенімдімін.

Ұйымдастырушылар атынан барлық қатысушыларға белсенді ұстанымы, қызығушылығы және сындарлы диалогқа дайындығы үшін алғысымызды білдіреміз.

Конференция жұмысына жемісті жұмыс, мазмұнды пікірталастар және тың ғылыми идеялар тілеймін!

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

Декана юридического факультета Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А. Букетова, кандидата юридических наук, профессора Серикбаева Абзала Мухаметжановича

Уважаемые участники и гости конференции!

Сегодня мы открываем международную научно-практическую конференцию на тему: **«Правовое регулирование обращения с твёрдыми бытовыми отходами в контексте реализации Целей устойчивого развития: вызовы и перспективы»**.

Заявленная тема по праву относится к числу наиболее актуальных направлений современной правовой и экологической повестки. Вопросы обращения с отходами неразрывно связаны с обеспечением экологической безопасности, защитой конституционных прав граждан на благоприятную окружающую среду и построением устойчивой экономики, основанной на принципах рационального природопользования.

Наш форум объединил ведущих учёных и практиков из Казахстана, Польши, России, Узбекистана, Таджикистана и Украины. Такая широкая география участников свидетельствует о возрастающем интересе международного сообщества к проблемам устойчивого развития, а также о готовности к обмену научным и практическим опытом в поиске эффективных правовых механизмов охраны окружающей среды.

Представленные доклады охватывают широкий спектр вопросов — от совершенствования законодательства и развития гражданско-правовых институтов до внедрения «зелёных» технологий, цифровизации управления отходами и гармонизации национальных норм с международными экологическими стандартами.

Уверен, что сегодняшние обсуждения станут важным шагом на пути к совершенствованию правового регулирования в сфере экологии, развитию правоприменительной практики и укреплению международного сотрудничества.

Благодарю всех участников за заинтересованность, активное участие и готовность к открытому диалогу.

Желаю конференции плодотворной работы, конструктивных дискуссий и ярких научных открытий!

17. Burri, M. (2020). Digital trade provisions in preferential trade agreements: The quest for systematic coherence. *Journal of International Economic Law*, 23(4), 979-1002.
18. Drake, W. J., Cerf, V. G., & Kleinwächter, W. (2016). Internet fragmentation: An overview. *World Economic Forum*.
19. Meltzer, J. P. (2019). Governing digital trade. *World Trade Review*, 18(S1), S23-S48.

Рысбек Тынысбек Рысбекұлы

студент, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Жетекшісі: Сеилкасымова Роза Аскаровна

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған,

Қазақстан Республикасы

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ МЕН ЖОЮҒА ҚАТЫСТЫ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МАЗМҰНЫ

XXI ғасырда денсаулық сақтау саласы қарқынды дамып, жаңа диагностикалық және емдеу технологияларының енгізілуі медициналық қалдықтардың көлемін күрт арттырды. Әсіресе соңғы онжылдықта әлемдік деңгейде және Қазақстанда бір реттік медициналық құрал-жабдықтардың үлесі едәуір көбейіп отыр. COVID-19 пандемиясы кезеңінде бұл үрдіс айқын байқалды: маскалар, қолғаптар, шприцтер, қорғаныс костюмдері және басқа да медициналық бұйымдардың жаппай қолданылуы медициналық қалдықтардың көлемін бірнеше есе өсірді. Бұл жағдай олардың дұрыс жиналуы, уақытылы кәдеге жаратылуы мен түпкілікті жойылуын бұрынғыдан да өзекті мәселе ретінде алға шығарды [1].

Медициналық қалдықтардың ерекшелігі – олардың құрамында инфекциялық агенттер, улы химиялық заттар, дәрілік препараттардың қалдықтары, радиациялық материалдар және басқа да қауіпті компоненттердің болуы. Сондықтан мұндай қалдықтарды бей-берекет төгу немесе реттелмеген жолмен кәдеге жарату халықтың денсаулығына тікелей зиян тигізіп қана қоймай, қоршаған ортаның ластануына, эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына әкелуі мүмкін. Халықаралық тәжірибеде медициналық қалдықтарды дұрыс басқармау салдарынан жұқпалы аурулардың таралуы, топырақ пен судың ластануы, ауа сапасының төмендеуі сияқты қауіп-қатерлер тіркелген.

Қазақстан Республикасында бұл мәселенің маңыздылығын ескере отырып, медициналық қалдықтарды басқару санитарлық-эпидемиологиялық нормалар арқылы қатаң құқықтық реттеуге алынған. Ұлттық заңнамада қалдықтарды жинау, сұрыптау, уақытша сақтау, тасымалдау және жоюдың нақты талаптары

бекітілген. Алайда қағаз жүзінде бар ережелердің тәжірибеде орындалуы әрдайым тиімді емес.

Қазіргі кезде елімізде бірқатар өзекті проблемалар байқалады: қалдықтарды сұрыптау мәдениетінің төмендігі, кәдеге жарату инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, өңірлер арасында мүмкіндіктердің тең болмауы, сондай-ақ құқық қолдану практикасының әлсіздігі. Әсіресе ауылдық жерлердегі шағын медициналық мекемелер қалдықтарды дұрыс басқаруда қиындықтарға жиі ұшырайды. Бұған қосымша, медициналық қалдықтарды басқарудың экономикалық жағы да маңызды: кәдеге жарату шығындарының жоғары болуы денсаулық сақтау ұйымдарының бюджетіне ауыртпалық түсіреді.

Осы себептерге байланысты медициналық қалдықтарды басқарудың құқықтық реттелуін ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу өзекті. Мұндай зерттеу құқықтық нормалардың мазмұнын, олардың тәжірибедегі орындалу деңгейін, халықаралық тәжірибемен салыстырғандағы ерекшеліктерін анықтап, Қазақстан жағдайына бейімделген тиімді ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Медициналық қалдықтар – бұл денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі нәтижесінде пайда болатын, өзінің физикалық, химиялық немесе биологиялық қасиеттеріне қарай қауіптілігі жоғары қалдықтар. ҚР заңнамасына сәйкес олар қауіпті қалдықтардың ерекше түрі ретінде қарастырылады [2].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 31-бабында мемлекет әрбір азаматтың қолайлы қоршаған ортаға құқығын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген. Осыдан медициналық қалдықтарды басқару мәселесі экологиялық құқықтың, санитарлық құқықтың және денсаулық сақтау құқығының қиылысында тұрған күрделі сала екені көрінеді [3].

Медициналық қалдықтарды құқықтық тұрғыдан реттеудің мақсаты – халық денсаулығын қорғау, инфекциялық аурулардың таралуын болдырмау және экологиялық қауіпсіздікті сақтау. Бұл ретте құқықтық нормалар міндетті сипатта болады және олардың бұзылуы әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеледі.

Қазақстанда медициналық қалдықтарды басқарудың құқықтық базасы бірнеше деңгейден тұрады:

1. Конституциялық негіз – ҚР Конституциясы (1995 ж.), 31-бап: азаматтардың денсаулыққа қолайлы ортада өмір сүру құқығы.

2. Салалық заңнама:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс (2020 ж.);

Экологиялық кодекс (2021 ж.);

«Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң.

3. Ведомстволық актілер – ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық қағидалары мен нормалары.

4. Жергілікті деңгей – облыстық және қалалық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің шешімдері.

Бұл құқықтық құжаттар медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау, кәдеге жарату және түпкілікті жоюдың тәртібін реттейді.

Санитарлық нормалар медициналық қалдықтарды қауіптілік деңгейіне қарай бес санатқа бөледі:

- **А сыныбы** – эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпсіз қалдықтар (кеңселік, тұрмыстық);
- **В сыныбы** – инфекциялық қауіпті қалдықтар (зертханалық үлгілер, науқастардан шыққан қалдықтар);
- **С сыныбы** – аса қауіпті қалдықтар (патогенді микроағзалар бар материалдар);
- **Д сыныбы** – радиациялық қалдықтар;
- **Е сыныбы** – уытты және химиялық қалдықтар (дәрілік заттар, химиялық реагенттер).

Әр санат үшін арнайы жинақтау, тасымалдау және кәдеге жарату талаптары белгіленген:

- инфекциялық қалдықтар – автоклавтау немесе өртеу арқылы зарарсыздандырылады;
- радиациялық қалдықтар – лицензияланған ұйымдарда жойылады;
- химиялық қалдықтар – бейтараптандыру әдістерімен өңделеді.

Санитарлық нормалардың негізгі қағидаты – қалдықтарды бастапқы жерде бөлу және оларды уақытылы кәдеге жарату [4].

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, медициналық қалдықтарды заңсыз көму, тасымалдау немесе жою үшін айыппұл салынады және мекеменің қызметі уақытша тоқтатылуы мүмкін [5].

Егер бұл әрекеттер қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына елеулі зиян келтірсе, ҚР Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Бұл – экологиялық қылмыстар құрамына жатады.

Осылайша, құқықтық жауапкершілік институты санитарлық нормалардың орындалуын қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады [6].

Халықаралық деңгейде медициналық қалдықтарды басқару ерекше назарда. Бұл саладағы құқықтық және техникалық шешімдер әр елде әртүрлі болғанымен, ортақ мақсат – халық денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау.

ДДҰ ұсынымдары. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы медициналық қалдықтарды басқару бойынша бірқатар әдістемелік құжаттар әзірлеген. Онда қалдықтарды бөлу, жинау, тасымалдау және кәдеге жарату кезеңдері нақты жазылған. ДДҰ-ның басты қағидасы – «қалдықты пайда болған жерінде бөлу». Яғни, инфекциялық материалдар мен тұрмыстық қалдықтарды араластырмай, арнайы түсті қаптамаларға жинау талап етіледі. Сонымен қатар, ұйым өртеуді тек соңғы шара ретінде қарастыруға кеңес береді, себебі өртеу кезінде ауаға уытты заттар бөлінуі мүмкін [7].

ЕО-ның Waste Framework Directive құжаты қалдықтарды басқарудағы негізгі құқықтық база болып табылады. Бұл құжатта «қалдықтар иерархиясы» бекітілген: ең әуелі қалдықтардың пайда болуын азайту, одан кейін қайта пайдалану, қайта өңдеу, энергияға айналдыру, ең соңында ғана көму немесе

өртеу [8]. Еуропада медициналық қалдықтардың көп бөлігі арнайы зауыттарда өңделіп, бір бөлігі энергияға айналдырылады [9].

Жапонияда «waste-to-energy» технологиялары кеңінен қолданылып, медициналық қалдықтардың едәуір бөлігі электр және жылу энергиясына айналады. Бұл әдіс тек экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, экономикалық пайда әкеледі. Сонымен қатар, Жапонияда медициналық ұйымдардың қалдықтарын нақты есепке алу мен бақылау жүйесі өте қатаң жұмыс істейді.

Кореяда медициналық қалдықтарды кәдеге жарату ісінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік (МЖС) кең қолданылады. Жекеменшік компаниялар арнайы лицензия алып, медициналық мекемелермен келісімшарт негізінде қалдықтарды жинап, тасымалдап және өңдеумен айналысады. Бұл тәсіл мемлекетке қаржылық ауыртпалықты азайтады әрі жеке секторды тартуға мүмкіндік береді [10].

Қазақстан үшін халықаралық тәжірибеден мынадай қорытындылар жасауға болады:

қалдықтарды өртеуге балама технологияларды дамыту қажет;

қалдықтарды бөлу мәдениетін күшейту керек;

мемлекеттік бақылаумен қатар жеке сектордың қатысуын арттыру тиімді;

цифрлық мониторинг жүйесін енгізу арқылы есептілікті күшейту қажет.

Қазақстанда медициналық қалдықтарды құқықтық реттеудің нормативтік базасы жеткілікті болғанымен, оны іске асыруда көптеген қиындықтар бар.

1. Қалдықтарды бөлу мәдениетінің төмендігі. Көптеген медициналық ұйымдарда қалдықтарды дұрыс сұрыптау қағидаты сақталмайды. Мысалы, тұрмыстық және инфекциялық қалдықтардың араласуы жиі кездеседі. Бұл жағдай санитарлық-эпидемиологиялық тәуекелді арттырады.

2. Инфрақұрылым тапшылығы. Республика бойынша медициналық қалдықтарды өртеуге арналған инсинераторлар бар болғанымен, олардың қуаты жеткіліксіз. Кейбір өңірлерде арнайы зауыттар мүлде жоқ, қалдықтар уақытша қоймаларда сақталып, кейін басқа аймақтарға тасымалданады. Бұл тасымалдау кезінде қосымша қауіп тудырады [11].

3. Қадағалау жүйесінің әлсіздігі. Санитарлық нормалардың орындалуын бақылайтын органдарда ресурстар мен кадрлар жеткіліксіз. Көп жағдайда тексерістер жоспарлы түрде ғана жүргізіледі, ал тосыннан бақылау сирек қолданылады [12].

4. Қаржыландыру мәселесі. Медициналық ұйымдардың бюджетінде қалдықтарды кәдеге жаратуға арналған қаражат жеткіліксіз. Бұл мекемелерді арзан, бірақ қауіпті тәсілдерге жүгінуге итермелейді.

5. Халықтың хабардарлығы төмен. Қоғам арасында медициналық қалдықтардың қауіптілігі туралы түсіндіру жұмыстары әлсіз жүргізіледі. Ал бұл мәселе тек медицина саласы мамандарына ғана емес, жалпы қоғамға қатысты.

Осы проблемаларды шешу үшін төмендегідей шаралар ұсынылады:

1. Қалдықтарды бөлу мәдениетін арттыру. Медициналық қызметкерлер үшін арнайы тренингтер мен оқыту курстарын ұйымдастыру қажет. Әрбір ауруханада қалдықтарды бөлуге арналған түсті контейнерлер мен түсіндірме плакаттар болуы шарт.

2. Waste-to-energy технологияларын енгізу. Қазақстанда қалдықтарды өртеудің орнына энергия өндіретін зауыттар салу тиімді. Бұл экологиялық тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да пайдалы.

3. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту. Қалдықтарды жинау және кәдеге жарату ісіне жеке кәсіпкерлерді тарту арқылы мемлекет қаржылық ауыртпалықты азайтады.

4. Құқықтық жауапкершілікті күшейту. Санитарлық нормаларды бұзғаны үшін айыппұл көлемін арттыру, лицензиядан айыру сияқты қатаң шаралар қолдану қажет.

5. Цифрлық бақылау жүйесін енгізу. Әрбір медициналық мекеме қалдықтардың көлемі, түрі және жойылу әдісі туралы мәліметті электронды форматта тіркеп, орталық базаға жіберуі керек. Бұл есептілікті нақтылап, бақылауды жеңілдетеді.

6. Халық арасында ақпараттандыру. Медициналық қалдықтардың қауіптілігі және оларды дұрыс кәдеге жаратудың маңызы туралы қоғамдық науқандар жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасында медициналық қалдықтарды басқару мәселесі құқықтық тұрғыдан жеткілікті деңгейде реттелгенімен, оның тәжірибелік іске асырылуы әлі де әлсіз. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалар халықаралық стандарттарға сәйкес болғанымен, оларды толық орындау үшін қажетті инфрақұрылым мен мәдениет жетіспейді [13].

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан үшін мынадай бағыттар маңызды: қалдықтарды қайта өңдеу инфрақұрылымын құру; waste-to-energy технологияларын дамыту; мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы инвестиция тарту; құқықтық бақылау мен мониторингті күшейту.

Бұл шаралар медициналық қалдықтарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етеді, халық денсаулығын қорғайды және экологиялық тұрақтылықты нығайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. World Health Organization. *Safe management of wastes from health-care activities*. – WHO, 2014.
2. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі. – 2020 ж.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 1995 ж.
4. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – 2021 ж.
5. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. – 2014 ж.
6. ҚР Қылмыстық кодексі. – 2014 ж.

7. World Health Organization. *Safe management of wastes from health-care activities*. – WHO, 2014.
8. European Commission. *Directive 2008/98/EC on Waste (Waste Framework Directive)*.
9. UNEP. *Global Waste Management Outlook*. – 2016.
10. Lee, B.-K., Ellenbecker, M.J., Moure-Eraso, R. *Alternatives for treatment and disposal cost reduction of regulated medical wastes*. Waste Management, 2004.
11. Жүнісов Е.Ж. Экологиялық құқық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2020.
12. Сартаев С.С. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Астана, 2018.
13. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық қағидалары мен нормалары (СанПиН).

Сырова Мария Анатольевна

старший специалист кафедры Уголовного права и процесса

Санкт-Петербургского университета технологии управления и экономики

ПОВОДЫ И ОСНОВАНИЯ ВОЗБУЖДЕНИЯ УГОЛОВНОГО ДЕЛА О СОВЕРШЕНИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В СФЕРЕ ЭКОЛОГИИ

Возбуждение уголовного дела является важнейшим этапом в уголовном процессе, знаменующим начало официального расследования преступления. Этот процесс инициируется на основании достаточных данных, указывающих на признаки состава преступления, и осуществляется в строгом соответствии с нормами уголовно-процессуального законодательства. Решение о возбуждении уголовного дела принимается уполномоченным должностным лицом после тщательного анализа представленных материалов, проверки заявлений, сообщений о преступлении или непосредственного выявления признаков правонарушения.

Поводами к возбуждению рассматриваемых уголовных дел по преступлениям в сфере экологии могут являться:

- сообщения общественных организаций, осуществляющих деятельность в области охраны окружающей среды;
- заявления граждан, пострадавших от экологических правонарушений или ставших свидетелями таких деяний;
- данные, полученные в результате проверок и рейдов, проведенных уполномоченными органами государственной власти;
- материалы, предоставленные средствами массовой информации, содержащие сведения о фактах нарушения экологического законодательства;
- результаты научных исследований и экспертиз, указывающие на наличие негативных последствий для окружающей среды;
- информация, поступившая от международных организаций или иностранных государств, касающаяся трансграничных экологических преступлений[1].